**DAUSCHER**

ELEKTROGERÄTE

ЕТТАРТҚЫШ

DMG-2000LX-TURBO

# ПАЙДАЛАНУ ЖӨНІНДЕГІ НҰСҚАУЛЫҚ

Нұсқаулықты мұқият оқып шығып, сақтап қойыңыз



## *ТЕХНИКА ҚАУІПСІЗДІГІ ЕРЕЖЕСІ*

- Осы құрал үйде колдануға арналған. Оны өндірістік мақсатта қолданбаңыз.
- Құралды жинамас және бөлшектемес бұрын электр желіден ажыратыңыз.
- Құралды балаларға ж[illegible]керде қолданған кезде абай болыңыз.
- Құралды койған кезде корпусынан екі қолыңызбен ұстаңыз. Құралды табағынан немесе тұтқасынан ұстап көтерменіз.
- Кебба дайындау үшін саптама қолданған кезде кесетін тілікті салмаңыз.
- Тамакты ешқашанда қолмен итерменіз, бұл үшін арнайы итергішті колданыңыз.
- Сүйек жанғак және т.б. сияқты катты тамақтарды қолданбаңыз.
- Талшығы қатты зімбір және басқа да тамақтарды ұсақтамаңыз .
- Еттарткыш 10 минуттан астам уақыт тоқтамастан жұмыс істемеуі тиіс. Одан кейін қозғалткышын салқындату үшін құралды 10 минутқа тоқтату қажет.
- Құралды алдыңғы жұмыс режимінен 30 секундтан астам уақытқа тоқтағаннан кейін «ON» белгісінен «R» белгісіне немесе «R» белгісінен «ON» белгісіне ауыстыру қажет, олай болмаған жағдайда қалыпты жұмыс режимі (жоғары-төмен итеруі) бұзылуы мүмкін, бұл аспаптың бұзылуына әкеледі.
- Оның жұмыс бөлшектері катты кіріп кетпеуі үшін тамакты қатты баспаңыз.
- Құралды тоқтаткыш жұмыс істеп кетісімен қоспаңыз.
- Құралдың бөлшектерін өз бетіңізше ауыстыруға немесе жөндеуге тырыспаңыз.
- Құрал ақыл-ойы шектелген (балаларды қосқанда) немесе жеткілікті білімі мен тәжірибесі жоқ, аталған тұлғалардың олардың қауіпсіздігіне жауапты тұлғалардың қадағалауы немесе басшылық жасауымен колданған жағдайларды қоспағанда, тұлғалардың қолдануына арналмаған.
- Балалардың құралмен ойнауына жол берменіз.
- Қоректендіру шнуры немесе штепсельдік ашасы бұзылған құралды колданбаңыз. Оны техникалық қызмет көрсету немесе білікті маманның жөндеуі үшін дүкенге кайтарыңыз.

## *ҚҰРАЛДЫ АЛҒАШ ҚОЛДАНҒАН КЕЗДЕ*

- Құралдың төлқұжат деректеріндегі кестеде көрсетілген кернеудің Сіздің үйіңіздегі электр желі кернеуіне сәйкес келетіндігін тексеріңіз.
- Құралдың барлық бөлшектерін (корпусынан басқа) жылы сабынды суда жуыңыз.
- Құралды электр желіге қоспас бұрын ауыстырып қосқыштың «СӨНД.» күйінде тұрғанын тексеріңіз.

- Арнайы итергішті қолдана отырып, тамақты табақтың салатын саңылауы арқылы еттартқышқа салыңыз (7-сур.).
- Қолданып болғаннан кейін құралды сөндіріп, электр желіден ажыратып қойыңыз.

## ИНВЕРСИЯ ФУНКЦИЯСЫ

- Құралдың жұмыс бөлшектеріне оралып қалған жағдайда құралды сөндіріп, ауыстырып қосқышты ON/OFF/R «**R**» күйіне келтіріңіз.
- Ирек түтік кері айнала бастап, түтік босайды.
- Егер бұл іске аспаса, құралды сөндіріп, тазалаңыз.

## КЕББЕ ДАЙЫНДАУ

РЕЦЕПТ

САЛМАСЫ

| | |
|---|---|
| Қой еті | 100 гр. |
| Зәйтүн майы | 1 ас қасық |
| Ұсақтап туралған пияз | 1 ас қасық |
| Дәмдеуіштер | дәміне қарай |
| Тұз | дәміне қарай |
| Ұн | 1 ас қасық |

- Қой етін еттартқышта бір немесе екі рет тартыңыз.
- Пиязды қоңыр түске енгенше қуырып, тартылған қой етін, дәмдеуіш, тұз, ұн қосыңыз.










СЫРТЫ

| | |
|---|---|
| Жасық ет | 450 гр. |
| Ұн | 150-200 гр. |
| Дәмдеуіштер | дәміне қарай |
| Ұсақталған жұпар жаңғағы | 1 |
| Ұнтақталған қызыл бұрыш | дәміне қарай |
| Қара бұрыш | дәміне қарай |

- Етті еттартқыштан үш рет өткізіп, ыдыстағы қалған қоспалармен араластырыңыз. Еті көп болып, ұны аз болса сырты қоюлығы мен дәміне қарай жақсырақ болады.
- Осы қоспаны еттартқышта үш рет тартыңыз.
- Кесетін тілігі мен жүзін алу үшін 5-3 рет артқа қарай тартып, құралды бөлшектеңіз.
- Кеббеге арналған А және В саптамаларын түтіктегі бағыттаушы шығыңқы басы мен тілігін қатарластыра отырып, қозғағыш винттің орнына салыңыз

## *ПАЙДАЛАНУ ЖӨНІНДЕГІ НҰСҚАУЛЫҚ*

### ЖИНАУ



- Бекітетін шығыршықты басып, түтікті алып, оны арнайы саңылауға кіргізіңіз (түтікті кіргізе отырып, оның құралдың жоғарғы жағына қарай меңзерде көрсетілгендей төмен қарап тұрғанына көңіл бөліңіз, 1-сур.кар.), сосын оны дұрыстап бекіту үшін түтікті сағат тіліне карсы бұраңыз. Тұтқаға бекітілген кезде сіз сыртыл естейсіз (2-сур.).
- Ирек түтікті ұзартылған басы жағынан түтікке енгізіп, қозғалтқыштың корпусына кіргенінше қозғалтқыш винтін ақырын бұраңыз (3сур.).
- Жүзін ирек түтіктің ортасына салыңыз, осы кезде жүзінің жиегі суретте (4-сур.) көрсетілгендей сыртқа карап тұруы керек. Егер жүзі дұрыс салынбаса, ет кесілмейді.
- Қажетті кесетін тілігін жүзімен катар салыңыз (5-сур.).
- Кесетін тілігін ұстаңыз немесе оның ортасынан бір саусағыңызбен басып тұрып, екінші колыңызбен бекітетін шығыршықты бұраңыз. (6-сур.). Шығыршықты тым қатты бұрамаңыз.
- Табакты түтікке койып, бекітіңіз.
- Құралды катты жерге койыңыз.
- Қозғалтқыш корпусының төменгі және бүйір жак панелінде орналаскан желдеткіш саңылауды жауып тастамаңыз.

### ЕТ ТАРТУ

- Етті кесектеп тураңыз (сіңірі, майы мен сүйегі жок ет колдану ұсынылады, кесектердің шаммен мөлшері: 20 мм. х 20 мм. х 60 мм.) олар салатын саңылауға оңай түсуі керек.
- Құралды электр желіге косып, ауыстырып коскышты ON/0FF/R КОСУ. (ON) күйіне койыңыз.



(8-сур).
- Бекітетін шығыршықты қатты бұраңыз. Шығыршықты тым қатты бұрап жібермеңіз ( 9-сур.).
- Қабығын цилиндр формасына жабыстырыңыз (10-сур.).
- Төмендегі суретте көрсетілгендей цилиндрдің ұшын жабыстырып, майға куырыңыз.

## *ШҰЖЫҚ ДАЙЫНДАУ*

- Дайындамас бұрын төмендегі суретте көрсетілгендей (11-сур.) шұжық дайындауға арналған арнайы саптаманы орнатыңыз.

